



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Араб тілінің таралуы



Араб тілі белгілі бір дәрежеде, бүкіл ислам халифатының территориясында кеңінен таралып, қолданысқа еніп, ғылыми тіл болған. Ислам тілі күні бүгінге дейін әлемдік деңгейде, елеулі тілдердің қатарында, БҰҰ қабылданған ресми тілдердің бірі. Ислам діні пайда болғаннан кейін, араб тілінің кеңінен таралуына жол ашты. Оның бірнеше себептері бар. Бірінші себебі, ислам діні ғылымға өте қатты көңіл бөлген. Сол пайғамбардың кезінде араб тіліндегі аудармалар қолға алынды. Сол себептен, өркениетті ұлы державалар Иран, Грек, Үнді сияқты елдер ғылыми және әдеби шығармаларын араб тіліне аудару қажеттігін сезінді. Пайғамбар заманынан басталған бұл жұмыс 750 жылдарға дейін, сол кездегі өркениетті елдердің барлық ғылыми және әдеби шығармалары араб тіліне аударылған. Бұл араб тілінің ғылыми және әдеби потенциалын өте жоғары көтерді.

Екінші себебі, төрт халифадан кейін 661–750 жылдар аралығында Омеяд халифаты билік құрған. Олар өте ұлтшыл болған. Саяси тұрғыда бірінші орынға арабтандыруды қолға алған. Сол кезде арабтандыру саясаты қатты жүріп жатты. Жаулаған жерлерінде арабтың тегін, тілін, үстем ел екендігін мақтап, сол арқылы кеңінен таралуына жол ашты. Омеяд дәуірінде араб еместерді әжәм деп атаған, әсіресе, ирандықтарды кемсіту мақсатында оларды осылай атайтын. Ирандықтар мыңдаған жылдар тарихы бар, ұлттық саяси санасы өте биік халық болғандықтан, олар бұл атауға мән бермеді. Дегенмен Иран жерінің кейбір аймақтарында Омеяд билігіне қарсы әрекеттер басталған. Бұл қарсы әрекеттер кейін Омеяд әулетінің тақтан түсуіне себеп болған.

Омеяд әулетінен кейін Аббас әулеті 749–1258 жылдары араб халифатын билеген. Аббас әулеті кезінде саяси тұрғыдан алғанда, олардың басты артықшылығы олар арабшыл, ұлтшыл емес еді. Омеяд әулеті кезіндегі ұлтшылдық саясаты, араб тілінің Орталық Азияда, Иранда да күшеюіне жол ашты. Араб тілінің ислам территориясында кеңінен тарап дамуына бірінші себеп, саяси қысым болды. Ол сол Омеяд әулеті тарапынан болған қысым. Олар араб тілін бірінші орынға қойып, 200 жылдай араб тілі Иранда да, Орталық Азияда да үстемдік тілі болды. Әр жердегі мұсылман территориясындағы ғалымдар, өздерінің ғылымын ары қарай дамыту үшін, араб тілін үйренуді және Бағдатқа барып оқуды армандайтын. Себебі сол кезде Бағдатта «Низамия» деген оқу орны ашылған. Ол жерде ең озық ғалымдар сабақ берген. Ғылым араб тілінде болғандықтан, Қазақстаннан, Фараб қаласынан, Әбу Насыр әл-Фараби 40 жасында Бағдатқа барып, өз білімін араб тілінде жалғастырады. Кейін барлық шығармаларын осы араб тілінде жазады. Бұл, араб тілінің үстемдігінің, ғылыми потенциалының жоғары болғандығын көрсетеді.

Үшінші себеп, арабтар тарихты жазу үшін, қолжазбаны, тарихи деректерді жинау үшін көп еңбек етті. Содан араб тілінде өте керемет тарихи туындылар дүниеге келді. Солардың бірі Ибн Халдун, Табаридың жазбалары. Атақты ұлы ғалымдар, тарихшылар араб тілінде тарихты жазғанда, оларды ғылыми тұрғыдан қарастырып, одан әрі дамытты. Күні бүгінге дейін Ибн Халдунның ғылыми тұжырымдарын көптеген ғалымдар мойындап, ғылыми айналымда жүр. Араб тілінің ғылыми потенциалы, Орталық Азиядан, Ираннан ғалымдарды тартып, солардың тарапынан бұл тілдің күшеюіне зор күш жұмсауына септігін тигізді. 750–1050 жылдар исламның ренессанс дәуірі еді. Ол кезде ғылым, мәдениет, әдебиеттің соншалықты дамығаны, әлемнің өркениеті батыс ғылымының, мәдениетінің дамуына негіз қалады.

Тілдің дамуындағы аудармалар мен ғылыми зерттеулердің үлесі. Аудармалар арқылы сол кездегі өркениеттің бүкіл ғылымның араб тіліне аударылуы, тілдің ғылыми потенциалын көтерді. Батыс ғалымдары «Арабтың әрбір ғалымы бір дәуір ғылымының негізін қалаушы», деп жазған екен. Джабир ибн Хайян VIII ғасырдың 2-жартысында, ол ғылымның бір дәуірі деп есептеледі. Мысалы, Мұхаммед Хорезми кезеңі IX ғасырдың 1-жартысы, Закария Рази кезеңі IX ғасырдың 2-жартысы, Масуди кезеңі X ғасырдың 1-жартысы, Жужжани кезеңі X ғасырдың 2-жартысы, Бируни кезеңі XI ғасырдың 1-жартысы, Омар Хайям XI ғасырдың 2-жартысы т.с.с. VIII ғасырдан XI ғасырға дейін тұтастай ғылыми, мәдени ренессансы жасалды, күні бүгінге дейін зерттеліп келе жатыр. Аудармалар мен ғылыми зерттеулердің негізінде қазір араб тілі тек ислам территориясында ғана емес, әлемдік деңгейде бірінші орынға көтерілді. Кез келген салада араб тілінің үстемдігі байқалады. Мәселен, Әбу Әли Ибн Синаның 10 томнан асатын «Шефа» деген кітабы бар. Сол кітабын орыс халқы 5–6 жыл бұрын, өз тілдеріне аударған. Бұл араб ғылымының сол кезде күшті дамығанын көрсетеді.



Қазіргі 1 млн астам қолжазбалар, күні бүгінге дейін барлығы зерттеліп аяқталған жоқ.

Араб тілі БҰҰ-да алты әлемдік тілдің бірі болып есептеледі. Бұл тілдердің дамуындағы тек қана саяси тұрғыдан емес, қолжазбалардың санына қарап, аяқталмаған ғылыми еңбектеріне қарап, ғылыми потенциалын көтеру де маңызды. Ол араб тіліндегі ғылыми жұмыстарында жүзеге асты. Араб тілінің қарқынды дамуының тағы бір себебі – саяси үстемдік. Бағдат, ислам халифатының астанасы ретінде, басқа аймақтардағы өзінің жаулап алған жерлерінде әмір тағайындау мәселесін қолға алған. Мәселен, Бұхара әмірі, Жетісу әмірі, Хорасан әмірі, т.б. сол Бағдаттағы Халифа тағайындайтын. Әрбір саяси тұлға, орталық Иран мен орталық Азияда билікте әмірлік деңгейіне көтерілу үшін, араб тіліне бағынышты болды. Сондықтан, араб тілін міндетті түрде үйренуі, құрметтеуі тиіс еді. Бұл да араб тілінің кеңінен тарауына үлкен үлес қосты.

Тағы бір себеп, саяси тәуелділік. Тәуелділік, психология арқылы араб тілінің дамуына негіз қалады. 751 жылы Атлах шайқасы – қытай және араб әскерлерінің арасында қақтығыс болады. Мұнда қытайлықтар 100 мың әскерімен Атлах мекеніне келген, бұған түркілер қарсы шығуға күштері келмейтінін сезіп, ислам халифатынан көмек сұрайды. Бұл кез, билікке Аббас әулетінің келген кезі еді. Аббас әулеті түркі әскеріне көмек қолын созып, екеуі бірігіп, бұл шайқаста үлкен жеңіске жетеді. Бұл шайқаста қытайлықтардың 50 мыңы қаза болып, 20 мыңы тұтқындалады. Сол жылдардан бастап, күні бүгінге дейін, қытайлықтар Орталық Азияға шабуыл жасамаған көрінеді. Бұл шайқастан кейін түркілер ислам дінін еркін түрде қабылдай бастайды. Ислам дінін қабылдау арқасында араб тілі олардың бірінші тіліне айналады. Себебі құран араб тілінде Алла тарапынан енген кітап. Діни наным арқылы құран кітабы, араб тілінің аймақта кеңінен таралуына септігін тигізеді.

Араб тілінің кеңінен таралуына, оның тілдік табиғаты, яғни тартымдылығы да әсер еткен. Араб тілі кез келген адамды өзіне баурап алады. Оның әсемділігі елдің араб тілін үйренуіне құштарлығын арттырды. Сөйтіп, араб тілі Орталық Азия мен Иранда 200 жылдай өзінің үстемдігін сақтап отырды. Тарихқа көз салсақ, көптеген жауынгерлер біраз жерлерді жаулап алды, бірақ, кейін одан із қалмады. Халифатқа келгендер, ислам дінін әскери және саяси айламен ұстап отырған жоқ. Бұл ислам дінінің өзінің іштен шыққан құдіреті деп есептеуге болады. Платон, Аристотель, Сократтардың кезінде, ислам дініне дейін, көп көңіл бөлінбеген философия мәселесі көтерілді. Сол философия саласының қарқынды дамуы, грек мәдениетін жоғарғы деңгейге көтерді, бірақ кейін тоқтап қалды. Өйткені тереңдеген сайын адамдарға ол философияны түсіну қиын болды. Ислам дінінің құдіреттілігі Әбу Насыр әл-Фарабидай ұлы тұлғаны дүниеге алып келді.

Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, математик, физик, астроном, лингвист, музыка зерттеушісі. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Ол Аристотельдің логикасын оқып, жұмбағын шешіп берді. Сол арқылы батыстың ойшыл ғалымдары, гректің ежелгі ғылымымен философиясымен, логикасымен жаңадан танысты. Әбу Насыр әл-Фараби ислам философиясының негізін қалады.

Жаратушы жер жүзіне орынбасар етіп адамды тағайындады. Адамға басқа жанда жоқ сананы берді. Сана – философия, ойлану мектебі. Ойлану арқылы адам барлық нәрсеге қол жеткізеді. Ислам дінінің аймақта тереңдеуінің себебі, өзінің танымдық тұрғыдан өте терең екендігін дәлелдеп отыр. Дүние жүзінде исламфобияның өзі, ислам дінінің төмендеуіне, жақтаушылардың азаюына жол ашпай отыр. Ғалымдар ислам дінін зерттеген сайын, құранның құдіретіне тәнті болып отырған. Құранның көптеген психологиялық, табиғи, философиялық, саяси т.б. салаларда өзінің белгілі бір берген танымын, ары қарай дамытуға түрткі болатындай мүмкіндігі бар. Бұл исламның түркі дүниесінде, әрі парсы әлемінде, әлемдік деңгейге ары қарай тарауына себеп болды. Мұны біз екі саяси күштің әскери қақтығыстығы деп айта алмаймыз. Исламның өзінің ішінде жатқан философиялық потенциалы араб тілінің дамуына мүмкіндік берді.